

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жай-күйі ( 2005 жылғы 1 ақпанға)**

2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 73 филиалы мен 75 өкілдігі бар. Қайта құруға байланысты қорлардың саны екіге азайды: “Филип Моррис Қазақстан КЖЗҚ” АҚ мен “АБН АМРО КаспийМұнайГаз ЖЗҚ” АҚ және “Құрмет МАЖЗҚ” мен “Қазақстан МЖЗҚ” бірігіп, соңғысы “БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ” АҚ болып атауын өзгертті.

10 заңды тұлға жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын лицензияларға ие, олардың 3 жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және “БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ” АҚ-ы.

Есепті күнде 9 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 7 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетті: «Казкоммерцбанк» АҚ, «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны ағымдағы жылдың қаңтарында 41 035 (0,59%) өсіп, 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 7 015 472 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны: “МЖЗҚ” – 34,78% “Қазақстан Халық Банкі” – 17,77%, “ҰларҮміт” – 14,71% және “Валют-Транзит-қор”- 7,63% немесе төрт қордың үлесіне салымшылардың жалпы санының 74,89 % келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың қаңтар айында 77-ге ұлғайып, 2005 жылғы 1 ақпанда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы теңгемен 0,39 млрд. теңгені құрап 30 234 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары “МЖЗҚ” АҚ-нан басқасының бәрінде болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: “Сенім” – 64,25 %, “ҰларҮміт”- 19,57% және “Капитал” – 9,69% немесе осы үш қордың үлесінде салымшылардың шоттарының жалпы санының 93,51% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары “ҰларҮміт” қорында ғана болды – 2 894 салымшысының дербес зейнетақы шотында 6,07 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшыларының шоттарының саны 130 болып ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

Мыналар бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.02.04 ж-ға	01.02.05 ж-ға	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен) /
Міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 223 812	7 015 472	791 660	12,72
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	27 598	30 234	2 636	9,55
Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	-	2 894	2 894	

**Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты**

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың қаңтар айында 11 347 млн.теңгеге (2,34%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 495 337 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:


( млн.теңгемен)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен) /
на 01.02.02 ж-ға	188 175	70 407	59,78
на 01.02.03 ж-ға	276 776	88 601	47,08
на 01.02.04 ж-ға	369 406	92 630	33,47
на 01.02.05 ж-ға	495 337	125 931	34,09

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсуі кезінде олардың өсу қарқыны жыл сайын төмендегені байқалса, осы ағымдағы жылдың қаңтар айында олардың өсу қарқыны ұлғайғанын көреміз. Сөйтіп 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 2004 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражаты 34,09% ұлғайып, немесе бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,62 проценттік тармаққа көбейгені байқалды .

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мыналар ие: "Қазақстан Халық банкі" – 124 485 млн. теңге немесе 25,13%, "МЖЗҚ" – 106 934 млн. теңге немесе 21,59%, "ҰларҮміт" – 88 822 млн. теңге немесе 17,93% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз" – 36 283 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,32% келетіндігін атап өткен жөн. Жалпы алғанда, осы 4 қор жинақталған зейнетақы қорының 71,97% құрап тұр

**Қорлардың 2005 жылғы 1 ақпанға жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы**



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың қаңтар айында 6 502 млн. теңгеге (5,67% -ке) өсіп, 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 121 196 млн.теңге болды.

Таза инвестициялық кірістің ай сайынғы орташа түсуі 2004 жылы 1,3 млрд. теңгені құраса, ағымдағы жылдың қаңтар айында 5 есеге өсіп, 6,5 млрд. теңге болды.


Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%)	(млн. теңгемен)
				Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%)
01.02.2002 ж.-ға	51 737	18 099	53,81	27,49
01.02.2003 ж.-ға	80 077	28 340	54,78	28,93
01.02.2004 ж.-ға	95 524	15 447	19,29	25,86
01.02 2005 ж.-ға	121 196	25 672	26,87	24,47

Көрсетілген кестеде инвестициялық кірістің өсу қарқыны және көлемінің ұлғаюы байқалады. Сөйтіп, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 25 672 млн. теңгені құрады немесе 26,87%-ке өсті.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылы 1 ақпандағы жағдай бойынша 24,47% болса, 2005 жылдың 1 қаңтарында 23,70% болды немесе есепті айда өсім 0,77 проценттік тармақты құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар айында жалпы **зейнетақы жарналарының** түсуі 5 718 млн теңгеге өсіп, 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 385 792 млн. теңге немесе өсім 1,50% болды.



2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамау және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** 2 631 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар айында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 41 млн.теңге өсімпұл аударылды немесе өсім 1,58% болды.

**Зейнетақы төлемдері** ағымдағы жылдың қаңтар айында 994 млн.теңгеге (3,58%) өсіп, 2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 27 294 млн. теңге болды. Есепті айда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдары сақтандыру ұйымдары бойынша жүзеге асырылған жоқ.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару құқығын** пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 ақпанда жинақталған зейнетақы қаражаты 79 662 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың қаңтар айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 526 млн. теңгені құрады немесе өткен есепті аймен салыстырғанда 288 млн. теңгеге төмендеді.(35,38%).

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 55,81%, «ҰларҮміт» - 11,94% және «Қазақстан Халық Банкі» - 9,22% немесе осы үш қордың еншісінде аударылған жалпы сомалардың 76,97%-нен келді.


Мынаны атап айту керек, мынадай қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаты бір проценттен төмен болды: "Капитал" – 0,40%, "Д.А. Конаев атындағы" – 0,58%, "Отан" – 0,62% және "Казакмыс" – 0,79%.

### **Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы**

2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемі есепті жыл ішінде 497 428 млн. теңгені құрап,2005 жылдың қаңтар айында 13 014 млн. теңгеге ұлғайды немесе 2,69%-ке өсті.

2004 жылғы 1 ақпан мен 2005 жылғы 1 ақпан аралығындағы кезеңдегі зейнетақы активтерінің орташа ай сайынғы өсуі 10,69 млрд. теңге болды.

**Инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы**



**Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу**

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтері	
	ЖЗҚ	
1	млн. теңге	%-пен
2	3	
<b>"ABN AMRO ASSET MANAGEMENT" ЗАИБЖАҰ" АҚ /</b>	<b>41 948</b>	<b>8,43</b>
"АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	36 373	7,31
"Капитал" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	5 575	1,12
<b>"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ /</b>	<b>42 918</b>	<b>8,63</b>
"Д.А. Қонаев атындағы Ашық түрдегі мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	1 369	0,28
"Нефтегаз - ДЕМ" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	12 831	2,58
"СЕНІМ" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ/	21 420	4,30
"Қорғау" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ "	7 298	1,47
<b>"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ /</b>	<b>9 082</b>	<b>1,83</b>
"Отан" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 082	1,83
<b>"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ /</b>	<b>13 342</b>	<b>2,68</b>

"Қазақмыс" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	13 342	2,68
<b>"ЖЕТІСУ" ЗАИБЖАҰ" АҚ /</b>	<b>89 174</b>	<b>17,93</b>
"ҰларҮміт" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ /	89 174	17,93
<b>"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ /</b>	<b>21 192</b>	<b>4,26</b>
"Валют-Транзит Фонд" Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ /	21 192	4,26
<b>"НҰРТРАСТ" ЗАБК" ЖАҚ /</b>	<b>11 773</b>	<b>2,37</b>
"Халық зейнетақы қоры" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ /	11 773	2,37
<b>"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ</b>	<b>107 115</b>	<b>21,53</b>
<b>"БТА Құрмет-Қазақстан" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ</b>	<b>35 936</b>	<b>7,22</b>
АО "Қазақстанның халық банкі Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	124 948	25,12
<b>Зейнетақы активтерінің жиынтығы:</b>	<b>497 428</b>	<b>100,00</b>

2005 жылғы 1 ақпанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 492 453 млн. теңгені құрады да, 2005 жылы қаңтар айында 11 463 млн. теңгеге ұлғайып, 2,38% - ке өсті.

#### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	Млн. теңге	Жиынтық %-і
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>255 825</b>	<b>51,95</b>
ҚР еврооблигациялары	2 520	0,51
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	96 521	19,60
Ұлттық Банктің ноттары	156 619	31,81
Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	165	0,03
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>53 413</b>	<b>10,85</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>3 353</b>	<b>0,68</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>4 224</b>	<b>0,86</b>
<b>Шетелдік инвестициялық қорлардың паилары</b>	<b>122</b>	<b>0,02</b>

<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>166 651</b>	<b>33,84</b>
Акциялар	30 049	6,10
Оның ішінде облигациялар:	136 602	27,74
АҚШ долларына деноминирленген	9 171	1,86
Теңгеге номинирленген	127 431	25,88
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>8 865</b>	<b>1,80</b>
Акциялар	7 083	1,44
Облигациялар	1 782	0,36
<b>Жиынтық</b>	<b>492 453</b>	<b>100,00</b>

Келтіріліп отырған деректерден көрініп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің бөлігінде біршама үлес алып, 255 825 млн. теңгені құрады немесе 51,95% болды. 2005 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда МБҚ көлемі 3 600 млн. теңгеге немесе 1,39%-ке азайды. 2005 жылы қаңтар айында Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративті бағалы қағаздар көлемінің ұлғаюы 13 397 млн. теңгеге немесе 8,74%-ке өсті. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 1,17%-ке өсіп, 53 413 млн. теңге болды.

Мынаны айта кету керек, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ екінші деңгейдегі банктерге зейнетақы активтерін тек ұлттық валютада салды.

2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,68% келді. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі көлемі 2005 жылы 6 рет көбейіп, 4 224 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесіне 1,80% келеді.

#### **2004 – 2005 жылғы қаңтар аралығындағы кезеңдегі 2005 жылғы 1 ақпандағы қорлардың нақты және номиналды кірісінің коэффициенттері туралы мәліметтер**

2004 жылғы қаңтар – 2005 жылғы қаңтар аралығындағы кезеңдегі қорлардың зейнетақы активтері бойынша номиналды кірісінің орташа алынған коэффициенті 5,00% болды, есепті айдан кейін 1,43 процентті тармаққа көбейіп, сонымен бірге нақты кірістің орташа алынған коэффициенті (-1,69%) болды.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері бойынша 2004 жылғы қаңтар – 2005 жылғы қаңтар аралығындағы кезеңдегі құнсыздану деңгейі 106,8% болды.

ЖЗҚ бойынша таратып айтқанда нақты және номиналды кіріс коэффициенттерінің мәні туралы ақпарат [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz). Web-сайтында орналасқан.

#### **Қорлардың қаржылық жағдайы**

Қорлардың **жиынтық меншік капиталы** 2005 жылы 1 ақпандағы жағдай бойынша 8 954,2 млн. теңгеге өсіп, соның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6115,5 млн. теңге немесе меншікті капиталдың көлемінің 68,3%-ін құрады.

2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомада 1 423,9 млн. теңге немесе қорлардың меншікті капиталының көлемінің 15,9% қалыптастырды.

2005 жылы қаңтар айында барлық қорлар жалпы сомасы 825,4 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын “Қазақстан Халық Банкі”-43,76% және “МЗЖҚ” –16,10% қорлары алды немесе осы екі қор барлық қорлардың жалпы кірісінің 59,68%-ін құрады.

2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 666,2 млн. теңге немесе қорлардың меншікті активтерінің көлемінің 6,92% -ін құрады.

2005 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша меншікті активтер есебінен **Қорлардың қаржылық инвестициялары** 6 163,0 млн. теңгені немесе меншікті капиталдың көлемінің 68,83% құрады.

Қорлар 2 991,7 млн. теңгеге (48,54%) Қазақстан Республикасының мемлекеттік (ҚРҰБ ноттары, Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары) және мемлекеттік емес бағалы қағаздарына (акциялар және облигациялар) -1 836,5 млн. теңгеге немесе 29,80%, “Кері РЕПО” операциясына –183,0 млн. теңгеге немесе 2,97%-ке меншікті активтерін инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға 1 151,8 млн. теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің сомасы 18,69%-ін орналастырды.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің деректері бойынша.